

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

2021 жылғы 19 мамыр
Сағ.: 10.30

Нұр-Сұлтан қ.

Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы, Білім беруді жаңғырту орталығы мен «ӨКМ операторы» ЖШС ұйымдастыруымен 2021 жылғы 19 мамыр күні жас ұрпаққа экологиялық сана қалыптастырып, қоршаған ортаны қорғау мен қалдық тастау мәдениетін насихаттауға бағытталған ең алғашқы «Эко-театр» салтанатты түрде ашылады.

Эко театрдың ашылу салтанаты оффлайн форматта Нұр-Сұлтан қаласы, Мәскеу көшесі, 17 үй мекенжайында экология, геология және табиғатты қорғау министрлігі мен ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің өкілдері, «ӨКМ операторы» ЖШС басқарма төрағасы, Білім басқармасының басшысы, «Жас Ұлан» ББЖҰ РҚБ өкілдері, «ЭкоАсар» науқанының жеңімпаз білім беру ұйымдарының басшылары, еріктілер және ата-аналар, оқушылардың қатысуымен өтеді.

Нұр-Сұлтан қаласында алғаш ашылғалы отырған ұжымда 8 актер, 2 қоюшы режисер жұмыс істейді. Театрдың ерекшелігі – қойылымда ойнайтын актерлер тек оқушылардан тұрады. «Эко-театрды» құру үшін ұлттық дельфий комитетінің командасынан кәсіби мамандар шақырылған. Орыс драма театрының қоюшы режисерлері балаларға арналған «Гринэйктер хикаясы» ертегісінің желісімен арнайы қойылым әзірледі. Шығармашылық ұжым мектеп оқушыларына эко-мәдениетті өнер арқылы түсіндіруді мақсат етіп отыр.

Сонымен қатар инклюзивті білім беруді дамыту мақсатында театр қабырғасында «Эко-шеберхана» әлеуметтік жобасы іске қосылады. Мұнда келуші балаларға қоршаған ортаны қорғау, қалдықты кәдеге жарату, эко-мәдениетті қолөнер арқылы көзбен көріп, қолмен ұстауды нақты көрсететін болады. Бір сөзбен айтқанда шығармашылық арқылы эко-сананы қалыптастыру насихатталады.

Эко-театр жас көрермендер үшін бір айда екі қойылым қоятын болады. Сонымен қатар елордалық мектеп оқушыларының «Эко-шеберхананы» аптасына екі рет тамашалайтын мүмкіндігі бар.

Қосымша ақпарат алу үшін Нұр-Сұлтан қ. Білім беруді жаңғырту орталығының байланыс телефонына хабарласуға болады: +7 (7172) 73-11-62; e-mail: astanamodern@gmail.ru.